

important role in the formation of national identity, forming the memory of history. Farabi played a crucial role in the formation of the identity of the Kazakh people. The image of Al-Farabi was given to the first national currency, the names of streets and avenues from several regions of the country, and the publication of a large number of scientific papers emphasized its role in the unification of the nation in the first years of independence. The intellectual heritage of the founder of Kazakh written literature, the great thinker Abay Kunanbayev played a key role in the formation of national identity, crisis and renaissance at early period of independence. The role of the historical leaders on the forming national identity in the case Republic of Kazakhstan has become the most important topic which understudied on social science these days [4].

Events related to his anniversary also show that al-Farabi and Abai should play a big role in shaping the national identity and recognizable brand of the country. The country has formed a belief that a people of this scale are the pride and heritage of all mankind. Kazakhstan's duty is not to forget about the contribution of those wise men to the development of nation's consciousness. Respect for the state means that members of society have common sense and are responsible for what is happening. This is the basis of social culture in the teachings of our thinkers. Their ideas are connected to each other on the basis of a common consciousness. Every citizen of Kazakhstan should know Abai and Farabi in order to understand the future of our society and main values. Many problems of modern society are outlined in the philosophy of al-Farabi, Abai. In other words, the phenomenon of our national idea in the field of history is connected with the basics of Turkic culture. Probably, al-Farabi became a great thinker and was named the second teacher because of his study of the nature of society and being [3;12].

He was convinced that at any time the development of society is carried out through its unchanging, basic values. Science, technology, and politics are just tools for society that arise and are formed in new conditions. And religion, culture, language, traditions, and art ensure its deep and sustainable development. According to al-Farabi, civilization comes from the mind. Public intelligence is an intelligence that arises from an understanding of the spirit of nature, the experience of history, and all that is good and bad for the nation and the state. Knowledge, art, work, and professions that contribute to the development of culture should be promoted in the social environment. In today's global world, issues related to the nature of society should be studied on the basis of the heritage of al-Farabi, Abai and intellectuals of the Alash movement. Only then can we come to a right understanding of the significance of social existence and its values which create a common identity.

REFERENCES

1. Abdur Rehman Shah. Identity: The Demand for Dignity and the Politics of Resentment, Nationalism and Ethnic Politics, 2019. 25:3, 340-341.
2. Berzonsky M.D. and Linda S. Kuk. Identity Status, Identity Processing Style, and the Transition to University. Journal of Adolescent Research, 2000. 15(1): 81–98.
3. Baffioni C. Al-Madīnah al-Fāḍilah, in al-Fārābī and in the Ikhwān al-Ṣafā': A Comparison // Studies in Arabic and Islam: Proceedings of the 19th Congress, Halle 1998, S. Leder (ed.), Leuven et al.: Peeters, 2002, pp. 3–12.
4. Kasymzhanov A.H. Al-Farabi. – Almaty: 1974.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАРЫСЫНДА МЕКТЕП ҰЖЫМЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

*Арапова Эльмира Балтабаевна
«№55 орта мектеп» МКМ Бастауыш сынып мұғалімі
Іле ауданы, Алматы облысы*

XXI ғасыр ілім мен ғылымның ғасыры деген күннің өзінде адам баласы бір саланың ғана маманы болып қалмау керек дегенді алға тартуда. Яғни сіз әмбебап болуыңыз керек. Бұл талап мұғалімдер қауымына да қатысты. Мұғалімнің жеке басы оқушының жеке тұлға болып

қалыптасуына көмектеседі. Ақпараттың басым бөлігін біз көру арқылы аламыз, сондықтан да біздің тартымды бейнеміз өте маңызды.

1. Тәуекелшіл

Жаңа ғасырдың мұғалімі кез келген ауыртпалықты өзіне қабылдай отырып, тәуекелге баруға дайын болу керек. Оның бойындағы осынау қасиеті өзгелерге үлгі болады. Мұғалім ұғымының өзі өзгеге үлгі болуға үйретеді.

2. Психолог

Мұғалім тек білім беріп қана қоймай, алдында отырған әр шәкірттің психологиясын зерттеу керек. Топтан бөлек, әр шәкіртпен жеке-жеке жұмыс жасау басты талап. Өйткені әркімнің қабілеті әртүрлі. Ал топтық жұмыс кезінде бірін кем, бірін артық көрмегені абзал.

3. Білікті педагог

Педагог сөзінің өзі тәрбие мен ұстаз ұғымына етене жақын. Бірақ мұғалімнің өзі білікті әрі сауатты педагог болғаны дұрыс. Шәкіртке түрлі әдістер арқылы тәрбие беру, білім суымен сусындату ең маңызды дүние.

4. Көшбасшы

Бүгінгі таңда мұғалімдерге тек қана сабақ беріп, лекция оқумен шектелуі шәкіртті қанағаттандыра алмайды. Мұғалім өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен қоса сол ортада көшбасшы бола білу керек. Қоғамды соңынан ертуге қауқарлы, ісіне берік әрі тиянақты болғаны жөн. Көштің басын бастау әрине қиын, дегенмен бұл жаңа дамыған дәуірдің талабы.

5. Заманауи технологияны игреу

Классикалық кітаптың, қалам мен қағаздың дәурені өтіп бара жатқаны шындық. Дегенмен кітаптың құндылығын айта отырып, оған шәкіртті қызықтыру үшін бүгінгі мұғалімнің басты мақсаты заманауи инфрақұрылымдарды, техниканы меңгеру керек. Соның ішінде компьютердің ішкі жүйесін, офистік бағдарламаларды, электронды тақталарды игеру арқылы жаңа заманға бейім жастардың көңілін алдандыра да, сабақты қызықты өткізе де алады.

6. Рухани бай болу керек

Қай елдің болмасын мұғалім дәрежесін көтеріп жүрген жан рухани құндылыққа бай болу керек. Ол сол елдің ұлттық болмысы мен табиғатын бала бойына терең сіңіруге, отансүйгіштікке тәрбиелеуге таптырмас құрал. Ұстаздың жан дүниесі рухани тәлімге толы болса, шәкірттің де одан алар ілімі далаға кетпек емес.

7. Әмбебап мұғалім

XXI ғасырдың кез келген адам баласына қояр талабы осы. Дегенмен әрбір адамға қалам ұстатып, әріп үйретуші мұғалімнің әмбебап болуы әлдеқайда маңыздырақ. Мұғалімнің әмбебаптығы жан-жақты білімді, білікті, тартысқа түссе тарпаңдап шығып, додаға түссе бәйгені бермес, шәкіртке түрлі әдістемелік құралдар арқылы жағдай жасаса онда ол бір ғана мұғалімнің емес, бір мектептің, бір елдің абыройы болар еді.

8. Интеллигент

Мұғалімнің тағы бір қыры өзін ұстауы, киім киісі, жүзінің жарқын бейнесіне дейін көрініп тұруы керек. Әрбір сөзге сауатты, әрбір ісіне жауапты мәдениетті, интелегентті тұлға болуы керек. Өйткені қазір қоғамда жастар әр әрекеттен үлгі алуға асығады. Ал көзін ашқан күннен бастап, үлкен өмірге қадам басқанға дейінгі үлгі тұтары – мұғалім. Ендеше оның интеллектуалды қабілеті аса маңызды. Саннан сапаға сапар шегу жолындағы мұғалімнің жаңа ғасырға берер жауабы дайын болу керек. Өйткені талабы күшті қоғамның ағысы қатты. Ал сол ағысқа қарсы шәкіртті дайындау тағы да мұғалімнің еңбегі.

Қазіргі қазақ қоғамында ұстаз мамандығы өзінің мәртебесін жоғалтып отыр, оны өзімізге қайтарып алу керектігінше күмән жоқ. Әрине мемлекет тарапынан қолдау көрсетілу керек. Бірақ ұстаздың идеалды бейнесі және ата - аналар мен оқушылардың педагогқа деген көзқарасын тек экономикалық фактор ғана анықтай алмайды ғой. Осыған орай педагогтың өзі не істей алды? Бұл сұраққа жауап іздейтін болсақ, онда былай жауап берер едік.

Егер педагог өзінің жалпы педагогикалық біліміндегі, өзі оқытатын ғылым негізі бойынша біліміндегі кемшілік тұста-рын байқамаса, өз педагогикалық құралының

жеткіліксіздігін көрмесе, оның кәсіби өзін-өзі жетілдіруі мен өзін-өзі тәрбиелеуі тіптен мүмкін емес деп айтуға болады. Өзін-өзі кәсіби жетілдіру мен дамытуға кіріспес бұрын, педагог өз іс-әрекетінің қандай да бір өткен кезеңіне талдау қорытындыларын жасап отыруы керек. Сонымен қатар өз іс-әрекетін жақсартуға байланысты жасалған қызметтес адамдардың нұсқауларын ескеруі қажет. Кәсіби іс-әрекетінде нақты жетістіктерге жете білген педагогтардың тәжірибесіне сүйенсек, кәсіби өзін-өзі жетілдіруді өзінің педагогикалық іс-әрекетіндегі жетістіктер мен кемшіліктердің себеп-салдарларын терең талдаудан бастау қажет екендігіне көзі-міз жетеді. Өз әрекетінің үрдісі мен нәтижелерін талдай отырып, оқытушы рефлексия жасайды. Рефлексия (лат. сөзінен аударғанда reflexio – өткенге сүйену) – толғану, өз-өзін байқау, өзін-өзі тану. Кәсіби сана-сезім өзін-өзі тану негізінде қалыптасады. Осының нәтижесінде педагог білім беру үрдісінің заңдылықтарын түсініп, педагогикалық шеберлікке бір адым болса да жақындай түседі.

Мұғалімнің қызметі өте күрделі, әрі көп салалы. Мұғалім оқушының жеке басының дамуын, қалыптасуын, оған тәрбие беру және оқыту процесін басқарады. Осындай маңызды іске жауапты болғандықтан мұғалімнен жан-жақты терең ғылыми білім, жоғары педагогикалық шеберлік, саяси моральдық қасиет, табанды ерік-жігер, парасатты мінез-құлық талап етіледі. Мұғалімдердің кәсіби маңызды қасиеттеріне мынадай негізгі қасиеттерді кіргізуге болады:

- оқушыларға деген сүйіспеншілігі;
- педагогикалық, процесті жүйелі жүргізе алуы;
- бақылағыштығы;
- педагогикалық, құбылыстарға талдау жасай алуы;
- педагогикалық, ойлаудың қалыптасуы; қарым-қатынас жасай алуы;
- ұжымшылдық;
- шығармашылығы және т.б.

Мұғалім - өскелең ұрпақтың интеллектуалдық негізін және рухани дүниесін қалыптастырушы, сонымен қатар ол халқымыздың болашағы болып саналатын балалар тәрбиесіне жауапты қоғамның сенімді өкілі. Осындай аса ізгі де аса қиын кәсіп мұғалімдерден тұрақты шығармашылықты, ойдың тынымсыз жұмысын, орасан зор жан жомарттығын, балаларға деген сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап етеді. Мұғалім тұлғасын сипаттайтын негізгі кәсіби маңызды қасиеттері оның педагогикалық әдебінің көрсеткіші де болып табылады. Тәжірибелі педагог И.Е.Синицаның пікірінше педагогикалық әдеп әр мұғалімнің жас мөлшеріне, темпераментіне, мінезқұлқына байланысты келеді. Педагогикалық әдеп - мұғалімнің ізденісінің нәтижесі. И.Е.Синица өзінің «Педагогикалық әдеп және ұстаздық шеберлік» деген еңбегінде мұғалімнің мынандай негізгі қасиеттеріне айырықша тоқталады:

- Байқағыштық
- Ілтипаттылық.
- Сенім.

- Әділдік, төзім және сабыр сақтау. Сонымен қатар қазіргі зерттеушілердің пікірінше эмпатия ұғымы да мұғалімнің кәсіби

маңызды қасиеттерінің бірі болып саналады. Эмпатия - мұғалімнің оқушылардың психикалық жағдайын, көңіл-күйлерін түсінуі, өзін басқа адамның орнына қоя алуы. Сонымен педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері ретінде оның балаға деген ынта-ықыласын, сүйіспеншілігін, педагогикалық еңбекке қызығушылығын, психологиялық- педагогикалық сезгіштігін, байқағыштығын, әділдігін, талап қоя білушілігін, табандылығын, ұстамдылығын, өзін-өзі басқара білуін, қайырымдылығын, мейірімділігін, кәсіби еңбекті сүйе білуін, ғылыми ой-өрісінің тереңдігін, рухани танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық белсенділігін, педагогикалық өздігінен білім алуға ынтыласылығын, шығармашылықпен ынтымақтастықты қолдауын, жаңашыл педагогтардың идеяларын түсінуін, қабылдауын атап өтуге болады.

Мұғалім - өз пәнін оқытудың әдістерін жете игерген, шығармашылық еңбек ететін, педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіріп отыратын адам. Мұғалім еңбегінің нәтижелілігі оның табиғи дарындылығында дейтін пікірлер де бар. Сөз жоқ, дарындылық, аса қабілеттілік

қай мамандықта болмасын кездеседі. Бірақ адам мамандық ерекшелігімен дүниеге келмейтіні ақиқат. Педагогикалық шеберлік - кейбіреулерге ғана берілген табиғат сыйы емес, ол үздіксіз ізденудің, өзін-өзі үнемі кәсіби жетілдірудің және өзінің қалаған мамандығына деген құштарлығынан туындайтын іс-әрекеттер жиынтығы.

Жалпы жас ұрпаққа білім беру ісін жетілдіру және оқу-тәрбие жұмыстарын жаңа сатыға көтеру міндеттерін мұғалімсіз жүзеге асыру мүмкін емес екені анық. Сондықтан жас мамандардың кәсіби біліктілігін шыңдауға, мәдениетін дамытуға, рухани кемелденуін қамтамасыз етуге аса көп көңіл бөлінуі керек. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, өркендеуі, қоғам алдындағы бағдарламалық міндеттердің шешімі тікелей жас мамандардың кәсіби дайындықтарының сапасына байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң. -Астана: Ақорда, 2007. -№319-III ҚРЗ. www.edu.gov.kz.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2016.
5. Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2009. -336 бет.

УПРАВЛЕНЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ МЕТАФОРЫ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

*Даулетмуратова Гоззалхан 1 курс Магистр
Ташкентский государственный педагогический университет,
Ташкент, Узбекистан*

Управленческая деятельность - это широкое и интересное поле, которое охватывает различные аспекты управления организациями, процессами и людьми без какой-либо определенной организационной структуры и модели.

Управленческая деятельность постоянно эволюционирует и адаптируется к изменяющимся условиям, и изучение этой области может быть увлекательным и познавательным процессом. Вот несколько интересных фактов и аспектов управленческой деятельности:

- **Лидерство и мотивация:** Одним из ключевых аспектов управленческой деятельности является лидерство и мотивация. Успешные руководители способны вдохновлять и мотивировать своих подчиненных, создавать эффективные команды и достигать поставленных целей.

- **Стратегическое планирование:** Управленческая деятельность включает в себя разработку стратегий и планов действий для достижения целей организации в долгосрочной перспективе. Это включает в себя анализ внешней среды, определение конкурентных преимуществ и разработку стратегических инициатив.

- **Операционное управление:** Это аспект управленческой деятельности, связанный с планированием, организацией и контролем ежедневных операций организации. Операционное управление включает в себя оптимизацию процессов, управление ресурсами и обеспечение эффективного функционирования организации.

- **Кадровое управление:** Управление персоналом является важным аспектом управленческой деятельности, включающим найм, обучение, развитие и управление работниками. Успешные руководители уделяют внимание развитию своих сотрудников, созданию мотивирующей рабочей среды и укреплению командного духа.

- **Инновации и изменения:** Управленческая деятельность также связана с внедрением инноваций и управлением изменениями в организации. Руководители должны быть гибкими и адаптивными, чтобы эффективно реагировать на изменяющиеся условия рынка и технологические тенденции.

- **Корпоративная социальная ответственность:** В современном бизнесе все больше внимания уделяется корпоративной социальной ответственности, и управленцы играют